

Облыс жаңалығы

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ұлытау облысында білім беру инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар ауқымды жоба жүзеге асырылмақ. Өңірде жаңа мектептер мен балабақшалар салынып, білім беру нысандарының материалдық-техникалық базасы кеңейтіледі. Бұл туралы педагогтердің дәстүрлі тамыз конференциясында Ұлытау облысының әкімі Есет БАЙКЕН мәлімдеді.

Жаңа мектептер бой көтереді



Өңірдегі маңызды жобалардың бірі – Жезқазған қаласының Батыс ауданында 1 000 орындық BINOM мектебінің құрылысының басталуы. Жаңа білім ордасы қаладағы оқушы орындарының тапшылығын азайтып, балаларға заманауи талаптарға сай білім алуға мүмкіндік бермек.

Бұдан бөлек, облыстың өзге де елді мекендерінде жаңа мектептер салу жоспарланған. Атап айтқанда, Жаңаарқа ауданында 600 орындық, Түгіскен ауылында 300 орындық, Жезқазған қаласында 900 орындық және Сәтбаев қаласында 600 орындық білім беру нысандары бой көтереді.

Өңірде оқушыларға тереңдетілген білім беруге бағытталған мамандандырылған оқу орындарын дамытуға да басымдық берілуде. Ұлдар мен қыздарға арналған «Білім-инновация» мамандандырылған лицейлері интернат-жатақханаларымен бірге салынады. Сонымен қатар облыста Назарбаев Зияткерлік мектебін ашу жоспарланып отыр.

Мектепке дейінгі білім беру саласында да жаңа нысандар бой көтереді. Жезқазған қаласының Кеңгір ауылында 320 орындық, Сәтбаев қаласында 280 орындық балабақша құрылысы басталады.

Ал жаңа оқу жылында Қаражал қаласы мен Жаңаарқа ауданының Манадыр станциясында жаңа мектептер пайдалануға беріледі. Бұл елді мекендердегі оқушылар үшін білім алуға қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, өңірде жоспарланған жобалар білім беру инфрақұрылымын жаңғыртып қана қоймай, балалардың сапалы білім алуына қажетті жағдайды жақсартуға бағытталған. Жаңа мектептер мен балабақшалардың салынуы оқушы орындарының тапшылығын азайтып, білім беру саласының әлеуетін арттыра түспек. Білімге жасалған инвестиция – өңірдің болашағына жасалған инвестиция. Ұлытау облысында қолға алынған жаңа жобалар өскелең ұрпақ үшін сапалы білім мен кең мүмкіндіктерге жол ашпақ.

Ұлытау – Ақпарат

Дәстүрлі тамыз кеңесі өтті



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ұлытау облысында «Құндылыққа негізделген білім: сапа, сабақтастық және жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында дәстүрлі облыстық тамыз кеңесі өтті. Білім саласының маңызды жиынына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту вице-министрі Жайық ШАРАБАСОВ қатысты.

→ 3-бетте

Бәрекелді!

Ұлағатты еңбекке – лайықты құрмет

Альмира ОСПАН

Ұстаз еңбегі – ұлт болашағына салынған өлшеусіз инвестиция. Ал сол еңбектің ел көлемінде еленіп, ең жоғары деңгейде бағалануы – кез келген педагог үшін үлкен мәртебе. Биылғы республикалық Тамыз конференциясында Ұлытау облысының қос бірдей ұстазы осындай құрметке ие болды.

→ 2-бетте

Аудан тынысы

Аймақты дамыту

Қарсақбайда қос нысан ашылды

Қарсақбай кентінде тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға және елді мекеннің инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған екі маңызды нысанның салтанатты ашылу рәсімі өтті. Игі шараға Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Батырлан СӘБДЕН, Қарсақбай кентінің әкімі Асылхан ӘЛІМСЕЙІТ, ардагерлер кеңесінің мүшелері, жергілікті қоғамдастық өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.



Елді мекенді абаттандыру және халыққа қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар аясында кентте заманауи балалар ойын алаңы пайдалануға беріліп, ауыз суды тазартуға арналған жаңа блок-модульді жүйе іске қосылды.

Болман ақын көшесінің бойында балалардың қауіпсіз әрі белсенді демалысын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін заманауи ойын алаңы бой көтерді. Жаңа нысан бүлдіршіндердің бос уақытын тиімді өткізіп, спорттық және қимылды ойындарға қызығушылығын арттыруға жағдай жасайды.

Ашылу салтанаты тұрғындардың қуанышына ұласып, жергілікті жұртшылық мерекелік дастарқан жайды. Ал мердігер ұйым өкілдері балаларға балмұздақ таратып, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Кент тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында шаруашылық-ауыз суды тазартуға арналған заманауи блок-модульді жүйе де пайдалануға берілді. Жаңа кешен 2 тонналық су сыйымдылығымен және көпсатылы арнайы сүзгілермен жабдықталған. Бұл технология суды тиімді тазартуға мүмкіндік беріп, тұрғын-

дарды таза ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған. Нысанның іске қосылуы кенттегі әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартудағы маңызды қадмдардың бірі болды.

Салтанатты жиында аудан әкімінің орынбасары Батырлан Сәбден тұрғындарды жаңа нысандардың ашылуымен құттықтап, жүзеге асырылған жобалардың халықтың әл-ауқатын арттырудағы маңызын атап өтті. Оның айтуынша, балаларға қолайлы орта қалыптастырумен қатар, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамту – елді мекендерді дамытудағы негізгі басымдықтардың бірі.

Өз кезегінде Қарсақбай кентінің тұрғындары көрсетілген қолдау мен атқарылған жұмыстар үшін аудан әкімдігіне ризашылықтарын білдірді. Жаңа нысандардың ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді.

Қарсақбайдағы бұл жобалар – ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын жаңғыртып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау бағытындағы жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі. Алдағы уақытта да елді мекендерді абаттандыру, әлеуметтік нысандарды жақсарту және халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар кезек-кезеңімен жалғасын табады.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

Ауылда ауыз су желісі жаңғыртылуда



Жобаны жүзеге асыруға қажетті қаражат облыстық және аудандық бюджеттер есебінен қарастырылған. Жұмыстарды 2026–2027 жылдары жүргізу жоспарланған. Құрылыс жұмыстарын «ГИМАТС Транс» ЖШС мердігерлік ұйымы атқаруда.

Жоба аясында Қоскөл ауылындағы қолданыстағы су құбыры желілерін қайта құру көзделген. Инженерлік инфрақұрылымды жаңарту арқылы су жүйесінің тұрақтылығын арттырып, тұрғындарды сапалы әрі үздіксіз ауыз сумен қамту мүмкіндігін кеңейту жоспарланып отыр. Бұл – ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған маңызды жобалардың бірі. Себебі сапалы ауыз суға қолжетімділік – елді мекендердің әлеуметтік әл-ауқатын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі.

Орайы келгенде айта кетейік, ауыз сумен қамту жүйесін жаңғырту жұмыстары ауданның өзге де елді мекендерінде кезек-кезеңімен жүзеге асуда. Мәселен, биыл Аманкелді ауылдық округінде ауыз су желілерін қайта құру жобасы басталып,

құрылыс жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілуде. Сонымен қатар, жоба аясында қарастырылмаған қосымша бір ұңғыманы қазу жұмыстары мердігердің өз қаражаты есебінен атқарылды.

Ал Пионер елді мекенінде өткен жылы басталған ауыз су желілерін қайта құру жобасын биыл толық аяқтап, нысанды пайдалануға беру жоспарланған.

Ауылдық елді мекендердегі ауыз су инфрақұрылымын жаңарту – тұрғындарға қолайлы жағдай қалыптастырудың маңызды бағыты. Қоскөл ауылындағы жұмыстардың толық аяқталуы су жүйесінің сенімділігін арттырып, халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мұндай жобалардың жүйелі түрде жүзеге асуы шалғай елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартуға, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға және елді мекендердің орнықты дамуына оң ықпал етпек.

Ізбасар ОЙБАС.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ұлағатты еңбекке — лайықты құрмет

Ауқымды білім форумына қатысқан Ұлытау ауданы №1 тірек мектебінің ұстазы Жанна Қонысбекқызы Мырзабекова Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз қолынан «Шапағат» медалін алды. Мемлекет басшысының қолынан марапат алу – ұстаздың ғана емес, оның талай жылдық еңбегін бағалаған білім саласының да үлкен абыйройы.

Жанна Қонысбекқызы – Ұлытау ауданы №1 тірек мек-

тебінде 30 жылға жуық уақыт бойы табанды еңбек етіп келе жатқан білікті маман, тәжірибелі ұстаз. Осы уақыт ішінде ол талай буын шәкіртке сапалы білім беріп, олардың бойына білімге деген құштарлық пен ізденіс қасиетін сіңірді. Ұстаз еңбегінің нәтижесі – шәкірт

жетістігі. Жанна Қонысбекқызының алдынан түлеп ұшқан көптеген оқушы пәндік олимпиадаларда топ жарып, жүлделі орындардан көрініп келеді. Бұл – ұстаздың кәсіби шеберлігі мен шәкіртке деген ықыласты еңбегінің айқын көрінісі.

Ал Манадыр негізгі

орта мектебінің математика пәні мұғалімі Сандуғаш Төлеуханқызы Көшкімбаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Қос ұстаздың еңбегінің республикалық деңгейде жоғары

бағалануы – Ұлытау өңіріндегі білім саласының мерейін асқақтатқан айтулы оқиға. Бұл марапаттар – шәкірт тәрбиесіне ғұмырын арнаған ұстаздарға көрсетілген құрметпен қатар, педагог еңбегінің қоғамдағы биік орнын айшықтайды.

Ұстаз үшін ең үлкен марапат – шәкіртінің жетістігі. Ал сол жетістіктердің мемлекет тарапынан мойындалып, Президенттің өз қолынан марапатталуы – ұзақ жылғы маңдай тердің лайықты өтеуі.

Ұлытаудың ұлағатты ұстаздарын мәртебелі марапаттарымен құттықтаймыз! Еңбектеріңз еленіп, шәкірттеріңз биіктерден көріне берсін!

Жаңа оқу жылына дайындық: мектептерде соңғы жұмыстар пысықталуда



Альмира ОСПАН

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Бұл – мектептер үшін оқу кабинеттерін реттеп, жөндеу жұмыстарын аяқтап, қауіпсіздік пен жылу жүйелерінің дайындығын тағы бір пысықтайтын жауапты кезең. Ұлытау ауданындағы білім беру ұйымдарында да жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары жоспарға сай жүргізілуде.

Мектептердің дайындығы мен алдағы оқу жылына жоспарланған жұмыстардың жайын білу үшін Ұлытау аудандық білім бөліміне хабарластық. Білім бөлімінің басшысы Бағдат Әбдірайымовтың айтуынша, бүгінде аудан мектептерінде дайындықтың негізгі бөлігі аяқталып, соңғы жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі таңда аудан бойынша 26 білім беру ұйымы қызмет атқарады. Оның 17-сі – жалпы білім беретін мектеп. Онда 1975 оқушы білім алса, мектепке дейінгі жеті ұйымдағы 628 бүлдіршін тәрбиені қамтылған. Бұған қоса, екі қосымша білім беру ұйымы 930 баланың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, түрлі бағытта қосымша білім алуына мүмкіндік беріп отыр.

Білім сапасын көрсететін негізгі өлшемнің бірі – түлектердің жетістігі. Биыл аудан мектептерін тәмамдаған 35 түлек мемлекеттік білім беру грантының иегері атанды. Бұл

– мектеп қабырғасында берілген білімнің, ұстаздардың табанды еңбегінің және түлектердің талап-талпынысының нәтижесі.

– Жаңа оқу жылына дайындық барысында білім беру ұйымдарының материалдық жағдайына, қауіпсіздігіне және жылыту маусымына әзірлігіне баса мән берілуде. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға қажеттілік бойынша сұраныстар толық берілді. Мұғалімдердің оқу жүктемесі де тамыз айында бекітіледі, – дейді Бағдат Әбдірайымов.

Ал биыл мектеп табалдырығын алғаш аттайтын балалардың қатары да аз емес. Аудан бойынша бірінші сыныпқа 167 оқушыны қабылдау жоспарланған. Қазіргі таңда 159 баланың құжаттары қабылданып, бұл жалпы жоспардың 95,2 пайызын құрап отыр.

Жаз айларында мектептердің материалдық базасын жақсарту бағытында да бірқатар жұмыс атқарылды. Соның ішінде №1 тірек мектебінің ағымдағы жөндеу жұмыстарына 15 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу толық аяқталды. №4 жалпы білім беретін мектебінің жылу қазандығы жөнделсе, №7 мектептің қазандығына ағымдағы жөндеу жүргізілді. №17 мектептің жылу жүйесі де қажетті жөндеуден өтті. Ал Жамбыл Жабаев атындағы №15 тірек мектебінің аумағында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Мектептегі басты талаптың бірі – бала қауіпсіздігі. Осы бағытта білім беру ұйымдарындағы өртке қарсы қауіпсіздік жүйелерінің, бейнебақылау құрылғыларының, дабыл беру түймелерінің

және басқа да қауіпсіздік құралдарының жарамдылығы тексерілуде. Оқушылардың білім алатын ортасы қауіпсіз болуы үшін тиісті бақылау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы да назарда. Медициналық кабинеттердің, асханалардың, оқу кабинеттерінің және жалпы білім беру нысандарының жаңа оқу жылына дайындығы тексеріліп, тиісті бақылау шаралары қамтылуда.

Қысқы маусымға дайындық та назардан тыс қалған жоқ. Аудандағы білім беру ұйымдарының қаржы модульдік жылу қазандықтарына қосылған. Алдағы жылыту маусымын қамтамасыз ету үшін мектептерге 3550 тонна көмір сатып алуға 93 млн 365 мың теңге қарастырылған. Қазіргі уақытта тиісті конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

– Білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына және жылыту кезеңіне дайындығы тұрақты бақылауда. Басты мақсатымыз – оқушылардың қауіпсіздігі мен жайлы білім алуына қажетті жағдай жасап, оқу процесінің қалыпты әрі сапалы өтуін қамтамасыз ету, – дейді білім бөлімінің басшысы.

Жаңа оқу жылы – білім алушы үшін жаңа белестердің, ұстаз үшін жаңа ізденістердің бастауы. Ұлытау ауданындағы мектептерде сол жаңа белеске әзірлік жұмыстарының соңғы кезеңі пысықталуда. Ең бастысы – әр оқушы білім ордасына алаңсыз келіп, жаңа оқу жылын жақсы көңіл күймен бастаса, атқарылған жұмыстың нәтижесі де сол болмақ.

Дәстүрлі тамыз кеңесі өтті



(Соңы. Басы 1-бетте).

Кеңес барысында өңірдегі білім беру жүйесінің қазіргі ахуалы, алдағы оқу жылына арналған басым бағыттар мен білім сапасын арттыру мәселелері талқыланды. Жиында сөз сөйлеген Ұлытау облысының әкімі Есет Байкен білім беру саласына көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың жыл сайын артып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар өңірдегі білім беру инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту бағытында қолға алынған жобаларға тоқталды.

Өңір басшысының айтуынша, облыс үшін маңызды жобалардың бірі – «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен «Ұлытау» техникалық университетінің ашылуы. Жаңа жоғары оқу орны өңірдің техникалық кадрларға деген қажеттілігін өтеуге және жастарға сапалы білім алуға мүмкіндік беретін маңызды білім ордасына айналмақ. Сондай-ақ, оқушы орындарының тапшылығын азайту бағытында да бірқатар ауқымды жоба жүзеге асырылады. Білім беру инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары қалалар мен ауылдық жерлерді де қамтиды. Атап айтқанда, Сәтбаев қаласы, Жаңаарқа және

Ұлытау аудандарындағы ескі мектептер кезең-кезеңімен жаңғыртудан өтеді. Бұл бастамалар білім алушыларға қолайлы жағдай қалыптастырып, оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға бағытталған.

Тамыз кеңесі барысында педагогтер білім беру саласындағы жаңа бастамалар мен оң өзгерістерді таныстырып, пилоттық жобалардың нәтижелерімен бөлісті. Сондай-ақ қазіргі білім беру үдерісіндегі маңызды бағыттардың бірі – жасанды интеллекті тиімді пайдалану мүмкіндіктері кеңінен сөз болды.

Жиында ұстаздардың кәсіби еңбегі де назардан тыс қалмады. Өскекең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге елеулі үлес қосқан бірқатар педагог мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды.

Дәстүрлі тамыз кеңесі – жаңа оқу жылына дайындықтың негізгі алаңдарының бірі. Биылғы жиын білім беру сапасын арттырумен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, заманауи технологияларды оқу үдерісіне енгізу, педагог мәртебесін көтеру және білім инфрақұрылымын жаңғырту бағыттарының өзектілігін айқындады.



Сайлау – 2026

Ұлытау облысы Ұлытау ауданының
аумақтық сайлау комиссиясының №2 қаулысы

Ұлытау селосы

26 тамыз 2026 жыл

Ұлытау ауданының Қарсақбай кенті әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикалық сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабының 1 тармағы 1) тармақшасына және 2 тармағына сәйкес Ұлытау ауданының аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Ұлытау ауданында 2026 жылғы 4 қазанға Қарсақбай кентінің әкіміне сайлау тағайындалсын.
2. 2026 жылғы 4 қазанға тағайындалған Ұлытау ауданының Қарсақбай кенті әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарлары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулы Ұлытау ауданының аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасына және аудандық «ULYTAU» газетіне жариялансын.

Аумақтық сайлау комиссиясының
төрағасы

М.К.АХМЕТОВ

Аумақтық сайлау комиссиясының
хатшысы

С.Н.ШАГИРОВА

ҰЛЫТАУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі 23, тел: 8 (71035) 21660.

Ұлытау ауданының «Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің ғимараты

1. Ахметов Мақсұт Қыздарбекұлы – комиссия төрағасы
2. Дүйсенбаев Алмат Дүйсебекұлы - комиссия төрағасының орынбасары
3. Шагирова Сандуғаш Нұрсағиқызы – комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

4. Абилова Айна Бейсалықызы – комиссия мүшесі
5. Айтбек Ержан Айтбекұлы - комиссия мүшесі
6. Ауғанова Гүлнар Мәдениетқызы- комиссия мүшесі
7. Базылов Медет Маратұлы - комиссия мүшесі

Сайлау учаскелерінің шекаралары

№114 Қарсақбай сайлау учаскесі

Орналасқан жері: «Ұлытау аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны «Қарсақбай кенттік мәдениет үйі», Қарсақбай кенті, Болман ақын көшесі 74.

Шекаралары: Сәтбаев көшесі 2/1, 2/2, 3/1, 4/3, 11/1, 15/1, 19, 19/1, 20/1, 20/3, 21/1, 21/2, 21/3, 22/1, 23/3, 24/1, 24/2, 24/3, 25/1, 28/1, 28/2, 29/1, 30/2, 30/3, 31/1, 31/2, 32/1, 32/2, 33/2, 34/2, 35, 35/1, 36, 36/1, 37/1, 38/1, 38/2, 39/1, 40, 40/1, 42, 43/1, 44/1, 44/2, 45/1, 47/1, 48, 48/1, 49/1, 49/2, 49/3, 52/1, 52/2, 53/1, 53/2, 55/1, 55/2, 55/3, 55/4, 56/1, 56/2, 56/3, 57/2, 57/3, 58/1, 58/2, 58/3, 59/1, 59/2, 59/3, 60/1, 60/2, 60/3, 61, 61/2, 62/1, 63/1, 64/1, 64/2, 65/1, 66/1, 66/2, 67/1, 67/2, 69/1, 69/2, 70/1, 73/2, 73/4, 73/6, 75; Деев көшесі 1/1, 1/5, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5/1, 6/1, 6/2, 7/1, 7/3, 8/1, 8/2, 9/1, 9/2, 9/3, 10/1, 10/2, 10/3, 11/3, 12, 12/1, 12/2, 12/3, 13/2, 15/1, 15/2, 16/1, 17/1, 17/2, 17/3, 18/1, 19/2, 20, 20/1, 20/2, 21/1, 22/2, 23/1, 23/2, 24/1, 24/2, 25/1, 26/1, 26/2, 27, 27/1, 27/2, 28/1, 28/2, 29/1, 29/2, 30/1, 30/2, 31/1, 31/2, 32/1, 34/1, 34/2, 35/1, 35/2, 36/1, 36/2, 37/1, 37/2, 38/1, 38/2, 39/1, 39/2, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 42/1, 42/2, 43/1, 43/2, 44/1, 44/2, 45/1, 45/2, 46/1, 46/2, 47/1, 47/2, 48/1, 48/2, 49/1, 53; Жосалы көшесі 1/1, 5/1, 7/1, 9, 9/1, 13, 13/1, 18/1, 19/1, 20, 20/1, 22/1, 25/1, 25/2, 26/1, 27/1, 29/1, 31/1, 32/1, 33, 33/1, 33/2, 36/1, 81/1; Маткенов көшесі 3/1, 3/2, 3/3, 3/4, 3/5, 3/6, 3/7, 3/8, 3/9, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2, 8/1, 8/2, 9/1, 9/2, 10/1, 10/2, 11/1, 11/2, 12,

12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 15/1, 15/2, 16/1, 16/2, 17/1, 17/2, 18/1, 18/2, 19/1, 19/2, 20/1, 21/1, 22/1, 22/2, 25/1, 25/2, 26/1, 26/2, 27/1, 29/1, 29/2, 30/1, 33/1, 35/1, 39/1, 40/1, 41/1, 41/2, 42/1, 42/2, 43/1, 43/2, 44/1, 44/2, 45/1, 47/1; Майтөбе қыстағы; Бет қыстағы.

№115 Балбырауын сайлау учаскесі

Орналасқан жері: «Қарсақбай агротехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қарсақбай кенті, Сәтбаев көшесі 9.

Шекаралары: Болман ақын көшесі 2/1, 5/1, 6/2, 8/1, 9/1, 11/1, 12, 12/1, 12/3, 12/4, 12/5, 13/1, 16/1, 16/2, 18/1, 20/1, 20/2, 20/3, 21/1, 24/1, 27/1, 28/2, 30, 30/1, 30/3, 35/1, 35/2, 36/1, 37/1, 38, 38/1, 38/2, 39, 39/1, 39/2, 40/3, 43/1, 44/2, 44/3, 45/2, 48/1, 48/2, 49/1, 49/2, 50/1, 50/2, 51/2, 52/2, 53/1, 53/2, 54/1, 55/1, 55/2, 56, 56/1, 56/2, 57/2, 58/2, 76/1; Байтасов көшесі 1/1, 2/1, 3/1, 5/1, 6/1, 6/2, 7/2, 7/3, 8/1, 8/2, 9/1, 16/1, 16/2, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 21/1, 21/2, 31/2, 33, 33/1, 37/1, 38/1, 39/1, 41/1, 42, 42/1, 42/2, 45/1, 48/1, 48/2, 50, 50/1, 51/1, 53/1, 55/1, 56/1, 56/2, 56/3, 57/1, 57/2, 57/3, 58/1, 58/2, 59, 59/3, 60/1, 61/1, 62/2, 63/1; Қозыбақ қыстағы; Келдібек қыстағы; Қарашың қыстағы; Сейт қыстағы; Аралкөң қыстағы; Атан қыстағы; Бектұрған қыстағы; Шалғынды қыстағы; Әлменбет қыстағы; Құттыбай қыстағы; Қаратөбе қыстағы; Қумола қыстағы; Жарық қыстағы; Сарын қыстағы.

Учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жері

№114 Қарсақбай учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Қарсақбай кенті Болман ақын көшесі 74, Мәдениет үйі, тел: 8 (71041) 23-4-11.

Төраға – Ибраева Айткул Тулегеновна.

төраға орынбасары – Телбаев Бегарыз Шарипович

хатшы – Биназарова Сауле Қазыбаевна

Комиссия мүшелері: Қазыбай Жандос Ерболұлы, Есенбаев Дархан Абдималикович.

№115 Балбырауын учаскелік сайлау комиссиясы

Ұлытау ауданы Қарсақбай кенті Сатпаев көшесі 9Агротехникалық колледж, тел: 8 (71041) 23-4-22.

Төраға – Шалғынбаев Аслан Сабырбекович

төраға орынбасары – Қордан Досым Аскербекұлы

хатшы- Мүгір Ақжан Жомартқызы

Комиссия мүшесі: Әбілқасым Сералы Елубайұлы, Сәбиғат Айгүл Нұрболатқызы.

Аудандық мәслихатта

Тәслима ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ

Ұлытау аудандық мәслихатының кезектен тыс XLVIII сессиясы өтіп, оның күн тәртібіне бірқатар маңызды мәселелер шығарылды. Мәслихат төрағасы Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ жүргізу тізгінін ұстаған депутаттардың басты жиынына аудан әкімінің орынбасары Алмат САКИПОВ, аудан әкімі аппаратының басшысы Ғабиден ДҮКЕМБАЕВ және тиісті мемлекеттік мекемелер басшылары қатысты. Аудан орталығынан тысқары аумақтардағы мандат иелері, кенттер мен ауылдық округтер әкімдері байланыста онлайн-режимде болды.

Сессияның күн тәртібіне «Ұлытау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы «Ұлытау аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» №203 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» (хабар-



Оң сипатты шешімдер қабылданды

ламашы – Ұлытау аудандық мәслихаты аппаратының басшысы Мақсат Ерназар), «Ұлытау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 наурыздағы XIV сессиясының «Ұлытау ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» №109 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (хабарламашы – Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Айна Әбілова) енгізілді.

Депутаттар, сонымен қатар, Ұлытау ауданы әкімі аппаратының басшысы Ғабиден Дүкембаевтың хабарламасы негізінде «Ұлытау ауданы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиясы туралы» аудандық мәслихаттың тиісті шешіміне өзгеріс енгізу жөніндегі мәселені де қарастырды.

Тыңғылықты талқылаудан кейін сессияның күн тәртібіне енгізілген мәселелерге қатысты оң сипатты шешімдер қабылданды.

Ахуалың қалай, ауыл?

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ұлытау ауданының шалғайдағы елді мекендерінің бірі – Сарысу ауылы. Аудан орталығынан 300 шақырым, облыс орталығынан 140 шақырым қашықта орналасқан ауылдық округтің тарихы 1957 жылдан басталады. Бүгінде Сарысу ауылдық округіне «Жыланды» мен «Түйемойнақ» елді мекендері қарайды. Жалпы аумағы 412,8 мың гектарды алып жатқан округте 930 адам тұрады. Оның 720-сы – экономикалық белсенді халық.

Шалғай орналасқанына қарамастан, ауылдың тіршілігі тоқтаған жоқ. Керісінше, соңғы жылдары коммуналдық инфрақұрылымды жақсарту, жолды күтіп ұстау, абаттандыру және ауыл шаруашылығын қолдау бағытында бірқатар жұмыстар қолға алынған. Бұл жайлы ауыл әкімі Сәтжан Құрманбаев жіктеп-жіліктеп айтып берген еді.

Ауыл тіршілігінің өзегі – шаруа

Сарысу – шаруашылыққа бейімделген ауыл. Округте 110 шаруа қожалығы бар. Оның ішінде 16 шаруа қожалығы шөп дайындаумен айналысады. Жыл сайын мұнда шамамен 18 мың тонна шөп дайындалады. Бұл – мал шаруашылығы ауыл экономикасының негізгі тіректерінің бірі екенін көрсететін маңызды көрсеткіш.

Дегенмен биылғы мал басы статистикасына көз жүгіртсек, ауыл шаруашылығы саласында назар аударуды қажет ететін тұстар да бар. 2025 жылмен салыстырғанда ірі қара саны 9 310 бастан 8 172 басқа, қой-ешкі 13 086 бастан 11 114 басқа төмендеген. Ал жылқы саны 8 973-тен 9 291 басқа, түйе 54-тен 89 басқа, құс 89-дан 92 басқа көбейген.

Бұл көрсеткіштер ауылдағы төрт түлік құрылымының өзгеріп жатқанын аңғартады. Әсіресе ірі қара мен қой-ешкі санының азаю себептерін зерделеу, шаруалардың жем-шөп, су және жайылым мәселелерін тұрақты назарда ұстау маңызды. Ал жылқы мен түйе санының өсуі осы бағыттағы шаруашылықтың әлеуеті бар екенін байқатады.

Инфрақұрылым: істелген жұмыс және күтілетін нәтиже

Сарысудағы маңызды мәселелердің бірі – ауыз су. Бүгінде ауылдағы үйлердің 90 пайызына ауыз су құбыры тартылған. Сәтпаев көшесіне ауыз суды тұщытуға арналған блоктық модуль қойылған. Сонымен бірге ауыз су және су бұру жүйелерінің жұмысын қамтамасыз етуге биыл 8 млн 288 мың теңге бөлінген.

Бұл бағыттағы жұмыстың маңызы ауылдың шалғайлығымен де арта түседі. Ауыз судың тұрақты берілуі – кез келген елді мекеннің өмір сапасын айқындайтын негізгі

Сарысудағы серпін: инфрақұрылым, кәсіп және ауылдың ертеңі

көрсеткіштердің бірі. Сондықтан қалған үйлерді де орталықтандырылған су жүйесіне қосу мәселесі алдағы кезеңдегі міндеттердің бірі болуы тиіс.

Көше жарығына да биыл өткен жылмен салыстырғанда көбірек қаржы қарастырылған. 2026 жылы бұл мақсатқа 2 млн 600 мың теңге бөлініп, оның 2 млн теңгесі ағымдағы жөндеу жұмыстарына, 600 мың теңгесі 68 көше шамының электр энергиясына бағытталған.

Ауылдың ажарын ашатын абаттандыру жұмыстарына биыл 48 млн 737 мың теңге қаралған. Бұл өткен жылғы 9 млн 687 мың теңгемен салыстырғанда айтарлықтай көп. Қаражат саябақ пен



көше ағаштарын күтіп-баптауға, тал отырғызуға, әкімшілік ғимаратын қоршауға, ашық футбол алаңын орнатуға және ойын алаңына абаттандыру жұмыстарын жүргізуге жұмсалуда.

Бұл жерде тек қаржы көлемінің артуын емес, оның нақты нысандарға бағытталуын да атап өткен жөн. Әсіресе балалар ойын алаңы мен футбол алаңының болуы ауыл жастары үшін маңызды. Өйткені спорттық және қоғамдық кеңістіктер – ауылда жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін әлеуметтік инфрақұрылым.

Жол – ауылдың күретамыры

Сарысудың жағдайын сөз еткенде жол мәселесін айналып өту мүмкін емес. Аудан орталығынан 300 шақырым қашықта орналасқан ауыл үшін жолдың сапасы – жай ғана көлік қатынасы емес, әлеуметтік және экономикалық байланыстың негізгі шарты.

2026 жылы автомобиль жолдарын күтіп ұстауға 220 млн 857 мың теңге бөлінген. Оның негізгі бөлігі – 217 млн 857 мың теңге – Жыланды ауылына кіреберістегі аудандық маңызы бар 0-21,27

шақырым автомобиль жолын орташа жөндеуге бағытталған.

Бұл – Сарысу округі үшін стратегиялық маңызы бар жоба. Себебі жолдың жақсаруы тұрғындардың аудан орталығымен қатынасын жеңілдетіп қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауға, жедел жәрдем, әлеуметтік және басқа да қызметтердің қолжетімділігіне оң әсер етеді.

Алдағы уақытта Түйемойнақ–Жыланды ауылына кіреберіс жолына жол белгілерін орнату жоспарланып отыр. Бұл жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды қадам.

Әлеуметтік нысандар және ауылдың қоғамдық өмірі

Округте үш әлеуметтік нысан – білім беру мекемесі, денсаулық сақтау нысаны және мәдениет үйі халыққа қызмет көрсетеді. Ауыл орталығында екі дүкен жұмыс істейді. Бұл нысандардың тұрақты қызметі тұрғындардың күнделікті қажеттілігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар ауыл орталығына модульдік ветеринариялық пункт пен мал қорасы салынған. Бұл да мал шаруашылығымен айналыса-



тын тұрғындар үшін қажетті инфрақұрылымның бірі.

Қаржыға қарағанда нәтиже маңызды

2026 жылғы ауылдық округ бюджетінің кіріс көлемі 327 млн 58 мың теңгені құрайды. Оның 24 млн 531 мың теңгесі салықтық түсімдерден, 34 млн 253 мың теңгесі субвенциядан, 268 млн 274 мың теңгесі трансферттерден құралған. Шығыс көлемі 346 млн 789 мың теңге болып бекітілген. Цифрларға қарасақ, ауыл

бюджетінің едәуір бөлігі жоғары тұрған бюджеттерден берілетін трансферттерге тәуелді. Бұл – шалғай ауылдар үшін қалыпты жағдай болғанымен, жергілікті кіріс көздерін ұлғайту мәселесін де күн тәртібінен түсірмеу керектігін көрсетеді.

Сарысу үшін мұндай мүмкіндік ауыл шаруашылығында жатыр. 110 шаруа қожалығы бар елді мекенде мал шаруашылығын өнім өндіруге, өңдеуге және өткізуге бағыттау жергілікті экономиканың тұрақтылығын арттыра алады. Әсіресе шөп дайындау көлемінің жоғары болуы осы саланың әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Алдағы міндеттер қандай?

Ауылдық округ әкімі Сәтжан Құрманбаевтың айтуынша алдағы кезеңге арналған бірқатар нақты жоспар да белгіленген. Соның ішінде Сәтбаев–Тіккөзов көшелерімен мектепке дейін жаяу жүргіншілер жолын салу ұсынылып отыр. Жобаның сметалық құны – 33 млн 339 мың теңге.

Сонымен бірге Түйемойнақ–Жыланды жолына жол белгілерін орнату, электр желілерін жөндеу жұмыстарына қажетті көтергіш техника сатып алу және ауыз су ұңғымасының ғимаратын жаңарту жоспарланған.

Бұл жобалардың әрқайсысы ауыл тұрғындарының күнделікті тұрмысына тікелей әсер етеді. Әсіресе мектепке дейінгі тротуардың салынуы балалардың қауіпсіздігі үшін өзекті. Ал электр желілерін күтіп ұстауға қажетті техниканың болуы жергілікті мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді.

Түйін

Сарысу – халқы аздау болғанымен, аумағы кең, шаруашылық әлеуеті бар, тарихы қалыптасқан ауыл. Оның бүгінгі тынысын бағалағанда бір ғана көрсеткішке сүйену жеткіліксіз. Мұнда жол, ауыз су, жарық, абаттандыру секілді инфрақұрылымдық мәселелермен қатар, ауыл шаруашылығын дамыту, жастардың тұрақтап қалуына жағдай жасау және жергілікті экономиканы күшейту қатар жүруі қажет.

2026 жылы Сарысуда бірқатар бағыт бойынша қаржы көлемі артқан, жаңа нысандар қолға алынған. Ендігі мәселе – бөлінген қаражат пен жоспарланған жобалардың нақты нәтижеге айналуы.

Шалғай ауылдың болашағы ең алдымен оның тұрғындарының тұрмыс сапасымен өлшенеді. Ал Сарысудың бүгінгі ахуалы бір нәрсені көрсетеді: ауылда шешімін күткен мәселелер бар, бірақ оларды еңсеруге қажетті мүмкіндік пен әлеует те жеткілікті.

Мерей

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Кей адамдардың
ғұмыр жолына қарап
отырып, бір адамның
тағдырынан тұтас бір
дәуірдің тынысын аңға-
расың. Өйткені оның
жүріп өткен жолы өз
заманымен сабақта-
сып, өзі өмір сүрген ор-
таның өзгерістерімен
бірге өріліп жатады.
Елтынды ДҮЙСЕНБА-
ЕВТЫҢ еңбек жолы да
осындай мазмұнға ие.
Өндіріс, журналистика,
мемлекеттік қызмет,
мәдениет, ішкі саясат
– бір қарағанда бір-бірі-
нен алшақ көрінетін бұл
салалардың барлығын
жалғап тұрған бір арна
бар. Ол – елге қызмет
ету, халықпен бірге
болу, қоғамның қажеті-
не жарау.

Бүгінде жетпістің белесіне кө-
терілген Елағанның өмір жолына
көз салғанда, оның маман ретін-
де қалыптасуында туған жердің,
әке тәрбиесінің, ұстаз ағалардың
және өзі таңдаған журналистика-
ның орны айрықша екенін бай-
қаймыз.

Елтынды Дүйсенбаевтың ба-
лалық шағы Қаракеңгір өзенінің
бойындағы Қаракеңгір ауылында
өтті. Қаракеңгірдің мөлдір суына
шомылып, өзеннен балық аулап,
ауылдың қарапайым тіршілігін
көріп өскен бала үшін туған жер
кейінгі өмірінің темірқазығына
айналды.

Әкесі Дүйсебек Дүйсенбаев
шаруашылық басқарған, еңбе-
гімен елге сыйлы азамат еді.
Баласының да ел басқару ісіне
араласатын, шаруашылықтың
жайын білетін білікті маман
болғанын қалады. Сол себепті
жас Елтындының сол кездегі Қа-
рағанды политехникалық инсти-
тутының Жезқазғандағы филиа-
лына жетелеп апарып, құжатын
тапсыртады.

Бірақ баланың жүрегінде
әкесіне айтылмаған басқа ар-
ман бар еді. Елтынды бала күні-
нен жазуға, сызуға әуес болды.
Өлең құрастырып, жазғандарын
қабырға газеттеріне шығарып
жүрді. Сөзге деген сол балаң қы-
зығушылық кейін үлкен өмірлік
таңдауға айналатынын ол кезде,
бәлкім, өзі де толық сезінбеген
шығар. Әкеге қарсы келу ол за-
манның баласына оңай емес.
«Әке айтты – сол болады» де-
ген тәртіппен «политехқа» құжат
тапсырғанымен, жүрек қалауы
журналистикаға тартып тұрды.

Өмірдің өзі кейде адамға
өз жолын табуға мүмкіндік бе-
реді. 1973–1974 жылдары
«Жезқазғантүстіметалл» өн-
дірістік бірлестігінде еңбек етіп
жүрген Елтынды да сондай мүм-
кіндіктің шапағатын көрді. Жет-
пісінші жылдың басында Ұлытау
ауданы өз алдына жеке шаңырақ
көтерді. Елтынды Дүйсенбаев
көп ұзамай туған ауданына орал-
ды. Бұл – Ұлытау өңірі үшін жаңа
кезең басталған тұс еді. Аудан
жаңадан құрылып, оның қоғам-
дық өмірін қалыптастыратын
жаңа мекемелермен бірге аудан-
дық газет те өз жұмысын жандан-



дырып жатқан. Жас жігіттің жур-
налистикаға деген талабы сол
кездегі «Ұлытау өңірі» газетінің
редакторы Төрехан Оразбеко-
втің көзіне түсті.

– Алғашқы мақалаларымды
түзетіп, газетке берген осы Төкең
еді. Асыл азамат болатын, – деп
еске алады Елаған сол кезеңді.
Бұл сөздің астарында бір адам-
ның тағдырына әсер еткен ұс-
тазға деген үлкен құрмет жатыр.

Редакция сол жылдары жас
журналист үшін үлкен мектеп
болды. Жауапты хатшы қыз-
метіндегі кейін елге белгілі
қаламгер, жазушы, «Алаш»
сыйлығының иегері Батырбек
Мырзабеков, редактордың орын-
басары, өңірдегі ақпарат саласы-
ның абызы атанған ақын Мағзұм-
бек Машайықұлы, тілші Асанәлі
Тәліпов сынды азаматтардың
ортасында жүру – жас қаламгер
үшін үлкен тәжірибе еді.

Газет редакциясы ол үшін
жай ғана жұмыс орны болған
жоқ. Бұл – сөздің салмағын
сезінетін, елдің мұңын тыңдай-
тын, адамның тағдырын жазуға
жауапкершілікпен қарайтын
шығармашылық орта болды.
Журналист үшін ең маңызды-
сы – ақпаратты білу ғана емес,
адамды тану. Ал адамды тану
үшін оның ортасына ену керек.
Ауылдың қарапайым тұрғы-
нымен де, еңбек адамы және
басшысымен де сөйлесе білу,
ел ішіндегі мәселені көре білу
– Елағанның осы жылдары бойы-
на сіңірген қасиеттерінің бірі.
1974–1982 жылдар аралығында
«Ұлытау өңірі» газетінде еңбек
еткен ол журналистика арқылы
Ұлытаудың тынысын таныды.

Өңірдің қуанышын да, мәселесін
де көрді. Елдің сөзін елге жеткізу-
дің жауапкершілігін сезінді. Кей-
ін Алматыға барып, С.М. Киров
атындағы Қазақ мемлекеттік уни-
верситетінің журналистика фа-
культетінде сырттай білім алды.
Осылайша бала күнгі арман кәсі-
би біліммен бекіді.

– Ақыры өзімнің аңсаған ар-
маныма жеттім, – дейді Елаған
жылы жымып.

Бұл – мамандық таңдаудың
ғана емес, өз жүрегінің дауысын
тыңдай алған адамның сөзі.

Елтынды Дүйсенбаев-
тың журналист болып қалып-
тасуына дейін өндірісте ең-
бек еткені де кездейсоқ емес.
«Жезқазғантүстіметалл» өн-
дірістік бірлестігіндегі алғашқы
еңбек жолы оған жұмыс адамы-
ның қадірін түсінуге мүмкіндік
берді. Өндіріс – тәртіпті, жауап-
кершілікті, нақтылықты талап
ететін орта. Мұнда әр істің нәти-
жесі көзге көрінеді. Бір адамның
жұмысы екінші адамның еңбе-
гімен жалғасып жатады. Осы ор-
тадан өткен адам еңбек ұғымы-
ның қадірін ерте түсінеді.

Кейін журналистикаға кел-
генде Елағанның өндірістік
тәжірибесі де көдеге жарады.
Өйткені ол еңбек адамы туралы
сырттай жазған жоқ, жұмысшы-
ның тіршілігін, өндірістің тыны-
сын өз көзімен көрді. Сондықтан
оның журналистік көзқарасында
қарапайым еңбек иесіне деген
құрметтің болуы заңды.

Журналистикадан кейінгі қыз-
мет жолы Елтынды Дүйсенбаев-
ты мемлекеттік басқару саласы-
на алып келді. 1980-жылдардың

басынан аудандық атқару коми-
тетінің түрлі құрылымдарында
қызмет атқарып, ұйымдастыру
жұмыстарымен айналысты. Бұл
кезең оның кәсіби болмысын
жаңа қырынан танытты.

Журналист қоғамдағы мәсе-
лені көріп, оны сөз арқылы жет-
кізсе, мемлекеттік қызметкер сол
мәселенің шешімін табуға қаты-
сады. Осы екі саланың арасын-
да үлкен айырмашылық болға-
нымен, олардың түпкі мақсаты
ортақ – халықтың қажетіне қыз-
мет ету. Елаған осы екі тәжіри-
бені де қатар алып жүрді.

Аудандық кеңес атқару коми-
тетіндегі қызмет жылдары оған
ел басқарудың ішкі тетіктерін
түсінуге жол ашты. Қағаздағы
шешімнің өмірдегі нәтижесі қан-
дай болуы керектігін, халықтың
талабын ескерудің қаншалықты
маңызды екенін осы ортада те-
рең ұғынды.

Кейін партиялық бақылау ко-
миссиясының төрағасы қызметін
атқаруы да жауапкершілік пен
талапшылдықты қажет етті. Мұн-
дай қызмет адамнан тек ұйымда-
стырушылық қабілетті ғана емес,
әділдікке деген ішкі ұстанымды
талап етеді.

Алматы жоғары партия мек-
тебінде тыңдаушы болуы, кейін
саясаттану және басқару бағы-
тында білім алуы – оның өз
білімін толықтыруға ұмтылысын
көрсетеді. Ол үшін диплом неме-
се лауазымның өзі мақсат болған
жоқ. Әр жаңа қызмет жаңа білім
мен жаңа жауапкершілікті қажет
етті.

Елағанның еңбек жолын-
дағы тағы бір маңызды сала
– мәдениет. Мәдениет бөлімін
басқарған жылдары ол өнер мен
руханиятты ұйымдастырудың
қыр-сырын көрді. Мәдениет де-
геніміз – концерт өткізіп, мереке
ұйымдастыру ғана емес. Оның
астарында халықтың тарихи жа-
дын сақтау, ұрпақ сабақтастығын
жалғастыру, туған жердің рухани
құндылықтарын дәріптеу міндеті
жатыр. Өсіресе Ұлытау секілді
тарихы терең өлкеде бұл жұмы-
стың мәні айрықша. Ұлытау – қа-
зақ тарихының талай қатпарын
бойына жинаған қасиетті мекен.
Сондықтан мұндай жерде мәде-
ниет саласында еңбек ету туған
өлкенің тарихы мен рухын кейінгі
ұрпаққа жеткізумен астасып жа-
тады.

Елтынды Дүйсенбаевтың
мәдениет саласына бірнеше
жыл аралықпен қайта оралуы да
оның осы бағытқа бейжай қара-
мағанын аңғартады. Ол мәдени-
етті қоғамның рухани тірегі ретін-

де қабылдаған азаматтардың
қатарында болды.

1997–2002 жылдары Ұлы-
тау ауданы әкімінің орынбаса-
ры қызметін атқаруы оның ел
басқару тәжірибесін жаңа дең-
гейге көтерді. Әкім орынбасары
болу – бір ғана саланы басқару
емес, ауданның тыныс-тіршілігі-
не тұтас жауапкершілікпен қарау.
Әлеуметтік мәселе, мәдениет,
қоғамдық жағдай, халықтың та-
лап-тілегі – мұның бәрі басқару
жүйесінде бір-бірімен сабақта-
сып жатады.

Осы кезеңде Елағанның
журналистік тәжірибесі де, мем-
лекеттік қызметтегі машығы да
қажетке жарады. Халықпен
сөйлесе білу, мәселенің мәнісін
тыңдау, әр тараптың пікірін та-
разылау – басшылық қызметтегі
азамат үшін аса маңызды қаси-
еттер.

Мүмкін, оның адамдармен
тез тіл табысуының бір себебі
де осында шығар. Қағазбен ғана
жұмыс істейтін басшы мен ха-
лықпен тікелей араласатын бас-
шының айырмасы бар. Елаған
әрдайым адамның сөзін тыңдай
білетін азамат ретінде танылды.

2006–2010 жылдары аудан-
дық ішкі саясат бөлімінің ба-
стығы қызметін атқарған тұста
оның қоғамдық процестерді
түсінудегі тәжірибесі одан әрі то-
лысты. Ішкі саясат – көзге бірден
көріне бермейтін, бірақ қоғам-
ның тұрақтылығы мен өзара
түсіністігіне тікелей әсер ететін
сала. Мұнда халықтың көңіл күйі-
ін, қоғамдық пікірді, жастардың
көзқарасын, ел ішіндегі түрлі
әлеуметтік мәселелерді саралай
білу маңызды.

Бұл қызметте де журна-
листік машықтың пайдасы мол
еді. Ақпаратты саралау, мәсе-
лені әр қырынан көру, адамдар-
мен сөйлесу, қоғамдық пікірді
сезіну – Елағанның бұрыннан
қалыптасқан кәсіби қабілеттері
болатын. Сөйтіп, журналистика-
да қалыптасқан сөз мәдениеті
мемлекеттік қызметте ұйымда-
стырушылық қабілетпен, ал мә-
дениет саласындағы тәжірибе
қоғамдық жұмыспен тоғысты.

Адам өмірінде қызмет көп бо-
луы мүмкін. Бірақ жүрекке жақын
мамандықтың орны бөлек.
2010–2020 жылдары Елтынды
Дүйсенбаевтың аудандық «Ұлы-
тау өңірі» газетіне директор –
бас редактор болып қайта ора-
луы осыны аңғартқандай.

(Жалғасы 7-бетте).

Қоғамдық тыңдаулар

«Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ ҚОҚ бөлімдерімен 2027 жылға арналған «Атмосфераға зиянды заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы», Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғат қорғау іс-шаралары жоспары бойынша 2026 жылы 7 қазанда ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды

Қоғамдық тыңдау өтетін орны:

Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылы, Сыздықов көшесі 14 мекенжайы бойынша

- 10:00 Құмкөл, Оңтүстік Құмкөл кен орын, координаттары: 46°26'05" с. е.; 65°30'55" ш. б., 46°26'30" с. е.; 65°40'00" ш. б

- 10:30 Қарабұлақ кен орны, координаттары: 46°36'21" с. е.; 64°50'09" ш. б

- 11:00 Солтүстік Қарабұлақ кен орны, координаттары: 46°42'16" с. е.; 64°51'10" ш. б

- 11:30 Қызылқия кен орны, координаттары: 46°15'02" с. е.; 65°08'16" ш. б

- 12:00 Оңтүстік – Батыс Қарабұлақ кен орны, координаттары: 46°40'00" с. е.; 64°40'08" ш. б

- 15:30 Бұқарсай кен орны, координаттары: 46°40'00" с. е.; 64°30'00" ш. б

- 16:00 Майбұлақ кен орны, координаттары: 46°45'08" с. е.; 64°18'58" ш. б

Белгіленген қызметтің бастамашысы:

«Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 13, БСН 940 540000 210, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Жобаны дайындаушы: «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-і, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 120, БСН 101 140 013 315.

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAlVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1>

Конференция идентификаторы: 546 061 9818. Кіру коды: 123456

Жобалар жөнінде қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.: 8 (7242)230306.

Жоба құжаттамасы Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған:

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО веб-сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau_upr, ulytau.obl_priroda@mail.ru бойынша мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады..

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы: e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru, тел: 8(7102)766001.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Общественные слушания

АО «Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания 7 октября 2026 года по проектам «Проект нормативов допустимых выбросов вредных веществ в атмосферу с разделами ООС, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий, Программа производственного экологического контроля» на 2027 год.

Общественные слушания состоятся по адресу:

Улытауская область, Улытауский район, Коскольский сельский округ, село Косколь, ул. Сыздыкова 14.

- 10:00 по месторождению Кумколь, Южный Кумколь, географические координаты: 46°26'05" с. ш.; 65°30'55" в. д., 46°26'30" с. ш.; 65°40'00" в. д.

- 10:30 по месторождению Карабулак, географические координаты: 46°36'21" с. ш.; 64°50'09" в. д.

- 11:00 по месторождению Северный Карабулак, географические координаты: 46°42'16" с. ш.; 64°51'10" в. д.

- 11:30 по месторождению Кызылкия, географические координаты: 46°15'02" с. ш.; 65°08'16" в. д.

- 12:00 по месторождению Юго-Западный Карабулак, географические координаты: 46°40'00" с. ш.; 64°40'08" в. д.

- 15:30 по месторождению Бухарсай, географические координаты: 46°40'00" с. ш.; 64°30'00" в. д.

- 16:00 по месторождению Майбулак, географические координаты: 46°45'08" с. ш.; 64°18'58" в. д.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз», Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Казыбек би, 13, БИН 940 540 000 210, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Разработчик проекта: ТОО «Сыр-Арал сараптама», Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Желтоқсан, 120, БИН 101 140 013 315.

Ссылка на онлайн подключение:

<https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAlVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1>

Идентификатор конференции: 546 061 9818.

Код доступа: 123456

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительные сведения о намечаемой деятельности: e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.: 8 (7242)230306.

Официальный интернет – ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> и сайт местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau_upr, ulytau.obl_priroda@mail.ru по которым заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания.

Электронный адрес и телефон местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау, e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru, тел: 8(7102)766001.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале.

Хабарлама

«Көлжан» ЖШС-і ҚОҚ бөлімдерімен 2027 жылға арналған Солтүстік-Батыс Қызылқия кен орны үшін «Атмосфераға зиянды заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы», Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғат қорғау іс-шаралары жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өтетін орны: 2026 жылы 7 қазанда сағат 15:00-де Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылы, Сыздықов көшесі 14 мекенжайы бойынша
Әсер ету аймағы: координаттары - 46°30'00" с.е.; 64°50'00" ш.б.; 46°33'34" с.е.; 64°50'00" ш.б.

Бастамашысы: «Көлжан» ЖШС-і, БСН 010540000287, Қызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 13, тел.: 8 (777) 785 1520, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Жобалық құжаттамасы Ұлттық деректер банкі сайтында («Сыр-Арал сараптама» ЖШС-і, Қызылорда қ., Желтоқсан 120, БСН 101140013315, e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.: 8 (7242)230306.

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAlVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1>

Конференция идентификаторы: 546 061 9818. Кіру коды: 123456

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта және телефон нөмірі: sa-saraptama@mail.ru, 8 (7242)230306.

Жоба құжаттамасы Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau_upr.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы: e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru, тел: 8(7102)766001.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Ұлттық деректер банкі сайты (ndbecology.gov.kz) арқылы және prd@vmail.kz электрондық поштасына қабылданады.

Объявление

ТОО «Кольжан» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания к «Проекту нормативов допустимых выбросов вредных веществ в атмосферу для месторождения Северо-Западный Кызылкия на 2027 год с разделами ООС, Программа управления отходами, План природоохранных мероприятий, Программа производственного экологического контроля».

Общественные слушания состоятся:

7 октября 2026 года в 15:00 по адресу: Улытауская область, Улытауский район, Коскольский сельский округ, село Косколь, ул. Сыздыкова 14.

Географические координаты: 46°30'00" с.ш.; 64°50'00" в.д.; 46°33'34" с.ш.; 64°50'00" в.д.

Инициатор: ТОО «Кольжан», БИН 010540000287, г. Кызылорда, ул. Казыбек би, 13, тел.: 8 (777) 785 1520, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Разработчик проектной документации: ТОО «Сыр-Арал сараптама», БИН 101140013315, г. Кызылорда, ул. Желтоқсан, 120, e-mail: sa-saraptama@mail.ru., тел.: 8 (7242)230306.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAlVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1>

Идентификатор конференции: 546 061 9818. Код доступа: 123456

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: sa-saraptama@mail.ru, 8 (7242)230306.

Документация по проекту размещена на сайте НБД (ndbecology.gov.kz) и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau_upr.

Электронный адрес и телефон местного исполнительного органа: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Улытауской области»: e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru, тел: 8(7102)766001.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД (ndbecology.gov.kz) и prd@vmail.kz.

(Соңы. Басы 6-бетте).

Он жылға жуық уақыттан соң туған газетіне басшылық ету – оның өмір жолының бір шеңбер жасап, қайтадан алғашқы махаббатына оралғанын көрсетеді. Бірақ бұл жолы ол редакцияға жас тілші болып емес, мол тәжірибе жинаған, өндірісті де, мемлекеттік қызметті де, мәдениет пен ішкі саясатты да көрген азамат ретінде келді.

Газет басшысы болу – тек мақаланы редакциялау немесе басылымның ұйымдастыру мәселелерін шешу емес. Аймақтық баспасөздің ең басты міндеті – өз оқырманының жоғын жоқтау, жоғын табу, елдің жақсысын жария ету, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеру. Аудандық газет үшін бұл міндеттің жүгі тіпті ауыр. Өйткені мұнда әрбір кейіпкер – сенің көршің, танысың, туған жеріңнің азаматы. Оның қуанышын да, мұңын да халықпен бірге сезінесің.

Елаған бұл ортаны жақсы білді. Себебі ол журналистиканы сырттан үйренген жоқ, оның қара қазанында қайнады. Алғашқы мақаласын түзеткен ағаларын, редакциядағы алғашқы мектебін ұмытқан жоқ. Сондықтан оның бас редактор ретіндегі еңбегінде журналистикаға деген ішкі жауапкершілік басым болды деп айтуға негіз бар.

Ел ісіне еңбегі сіңген азамат

Елтынды Дүйсенбаевтың өмір жолына сырттай қарағанда, «көп салада қызмет еткен» деген қарапайым сипаттама айтуға болады. Бірақ оның кәсіби болмысын бір ғана лауазыммен өлшеу жеткіліксіз. Ол – өндірістің тәртібін көрген еңбек адамы. Ол – сөздің қадірін ерте түсінген журналист. Ол – мемлекеттік басқарудың жауапкершілігін арқалаған ұйымдастырушы. Ол – мәдениеттің халық руханиятындағы орнын түсінген мәдениет қызметкері. Ол – қоғамдық үдерістерді бағамдай білген ішкі саясат маманы. Ең бастысы, осы салалардың әрқайсысы оның тұлғасына өзіндік із қалдырды. Өндіріс оған – еңбек тәртібін берсе, журналистика – сөз жауапкершілігін үйретті. Мемлекеттік қызмет – шешім қабылдаудың салмағын сезіндірді. Мәдениет – рухани құндылықтың қадірін ұқтырды. Ал ішкі саясат – қоғамның әр буынымен тіл табысудың маңызын көрсетті.

Адамның кәсіби өмірбаянын оның қызметтерімен ғана өлшеу жеткіліксіз. Кейде адамның шынайы болмысын атқарған лауа-

зымынан емес, айналасындағы адамдардың ол туралы пікірінен тануға болады. Елаған туралы сөз болғанда оның ұқыптылығы, ақкөңілдігі, адамдармен тез тіл табыса білетіні айтылады. Бұл қасиеттер оның таңдаған мамандықтарының барлығына да керек еді. Журналистке – адаммен тіл табысу қажет. Мемлекеттік қызметкерге – халықтың сөзін тыңдау қажет. Мәдениет саласының маманына – шығармашылық ортамен жұмыс істеу қажет. Ішкі саясат қызметкеріне – түрлі көзқарастағы адамдарды түсіну қажет. Демек, бұл қасиеттер Елағанның кәсіби жолының әр кезеңінде кәдеге жараған.

Бала кезінде қабырға газетіне өлең жазып жүрген Қаракенгірдің қара баласы әуелде әкесінің қалауымен политехникалық бағытқа бет бұрғанымен, өмір оны ақырында жүрек қалаған журналистикаға алып келді. Бұл жерде бір тағылым бар. Адамның өмір жолы үнемі түзу сызықпен жүрмейді. Кейде өндіріс арқылы журналистиканы табасың, журналистика арқылы ел басқаруға келесің,

мемлекеттік қызметтен мәдениетке бет бұрасың, кейін қайтадан газетке ораласың. Бірақ сырттай әртүрлі көрінген жолдардың ішкі өзегі бір болуы мүмкін. Елағанның өмір жолындағы сол өзек – елге керек болу. Ол қай қызметте жүрсе де, туған өңірден алыстаған жоқ. Қаракенгірдің жағасында өткен балалық шағы, Ұлытаудың тесінде қалыптасқан азаматтық болмысы, аудандық газеттегі алғашқы еңбек мектебі оның өмірлік ұстанымына айналды.

Бүгінде жетпістің айдынына желкен жайған Елтынды Дүйсенбаевтың жүріп өткен жолына үңілсек, бір азаматтың өмірбаянынан ғана емес, Ұлытау өңірінің кейінгі жарты ғасырдағы қоғамдық тынысынан да сыр аңғарамыз. Оның ғұмыры – бір мамандыққа байланып қалмай, әр саладан тәжірибе жинап, сол тәжірибені туған елдің игілігіне жұмсаудың үлгісі. Қаракенгірдің бойында балалық шағын өткізген бала өсе келе туған жерінің сөзін сөйлеген журналистке, ел ісіне араласқан қызметкерге, мәдениет пен қоғамдық саясаттың жүгін арқалаған маманға айналды. Ал оның ең үлкен жетістігі – атқарған қызметтерінің көптігінде емес, сол қызметтердің әрқайсысында адамға, елге, туған жерге пайдалы болуға ұмтылғанында. Өйткені қызмет – өтеді, лауазым – өзгереді. Ал елге сіңген еңбек пен халықтың жадында қалған жақсы есім – адамның артында қалатын ең қымбат мұра.

Сайлау – 2026

Ізтай БЕЛГБАЙҒҰЛЫ

23 тамызда өткен Құрылтай депутаттарының сайлауы Ұлытау ауданында жоғары азаматтық белсенділікпен өтті. Сайлау учаскелеріне келген тұрғындар өз таңдауын жасап, елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысуға деген жауапкершілігін танытты. Алайда бұл күннің ерекшелігі тек дауыс берушілердің белсенділігімен шектелген жоқ. Ұлытауда сайлау үдерісі ұлттық дәстүр, отбасы құндылығы, өңірлік ерекшелік және заманауи қоғамдық мәдениетпен сабақтасып өтті.

Сайлау ақ батамен басталды

Ұлытау ауданындағы сайлау учаскелерінің бірінде ел ағасы, ардақты ақсақал Байболов Ыбырахым атаның сайлаушыларға ақ батасын беруі күннің мазмұнын тереңдеті түсті.

«Ел аман, жұрт тыныш болсын! Таңдауымыз берекелі болсын!» деген арқолтай тілек – қазақ қоғамындағы сайлау ұғымының тек саяси рәсім емес, елдің ертеңіне қатысты жауапты таңдау екенін айқындай түскендей. Қазақты ортада ақсақалдың батасы – ізгі істің бастауы, елдің бірлігі мен берекесін тілеген рухани дәстүр. Осы тұрғыдан алғанда, сайлау учаскесіндегі ақ бата ұлттық құндылық пен азаматтық жауапкершіліктің табиғи сабақтастығын көрсетті.

Бұл көрініс әсіресе Ұлытау секілді тарихы терең, елдік дәстүрі берік өңір үшін мәнді. Саяси науқанның ұлттық дүниетаныммен үндесуі сайлау мәдениетінің де өзіндік ерекшелігін аңғартты.

Жалпы, сайлау күні Ұлытау ауданындағы учаскелерде тұрғындардың белсенділігі байқалды. Өртүрлі жастағы азаматтардың дауыс беруге келуі қоғамдағы саяси үдеріске деген қызығушылықтың бар екенін көрсетті. Сайлаудың мәнін тек бюллетеньге белгі қоюмен шектеуге болмайды. Азаматтың сайлау учаскесіне келіп, өз таңдауын жасауы – өзінің қоғамдық ұстанымын біл-

Таңдау, тағылым және жаңаша формат



діруінің бір жолы. Ұлытаудағы сайлау күнінің атмосферасы да осы жауапкершілік пен белсенділікті айқындай түсті.

Жарты ғасырлық жарасым – бір таңдау

Сайлау күнінің тағылымды көріністерінің бірі – Ұлытау ауданында 50 жыл отасқан Мұсабековтер отбасының бірге келіп, өз таңдауын жасауы. Жарты ғасыр бойы бір шаңырақтың астында ғұмыр кешкен ерлі-зайыптылардың ел өміріндегі маңызды науқанға бірге қатысуы – отбасы құндылығы мен азаматтық жауапкершіліктің астасқан үлгісі.

Олардың бірге жасаған таңдауының символдық мәні де бар. Өйткені отбасы – қоғамның негізгі тірегі болса, азаматтық белсенділік – сол қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды фактор. Бірге ғұмыр кешіп, талай тарихи кезеңді бастан өткерген жандардың ел болашағына қатысты таңдау жасауға бірге келуі кейінгі буынға өнеге болары сөзсіз.

«Бақытты бюллетень»: сайлау мәдениетіне жаңа реңк

Ұлытау ауданындағы сайлау учаскелерінде ұйымдастырылған «Бақытты бюллетень» шағын лотереясы да сайлау күнінің ерекше элементтерінің

біріне айналды. Дауыс берген тұрғындарға кездейсоқ таңдау арқылы магнит, төсбелгі және брелок секілді естелік сыйлықтар табысталды. Өрине, мұндай бастаманың саяси мәні жоқ, алайда оның қоғамдық-психологиялық қырына назар аударуға болады.

Сайлау секілді жауапты шараның айна-

Бұл образдың таңдалуы кездейсоқ емес. Ұлар – биік тауларды мекендейтін, табиғи ортаға бейімделген ерекше құс. Ол еркіндік, төзімділік пен өміршеңдік ұғымдарымен сабақтасады.

Ал Ұлытау атауының өзі қазақ тарихындағы елдік пен бірліктің, ұлттық рухтың маңызды символдарының бірі ретінде орныққан. Сондықтан сайлау учаскесіндегі ұлар бейнесі ойын-сауық элементінен бөлек, өңірдің табиғи және тарихи ерекшелігін танытудың зама-



ласында жағымды атмосфера қалыптастыру тұрғындардың көңіл күйіне оң әсер етеді. Әсіресе алғаш рет сайлауға қатысатын жастар мен отбасымен келген азаматтар үшін мұндай шағын форматтар сайлау күнін есте қаларлық оқиғаға айналдырады. Бұл – соңғы жылдары қоғамдық іс-шаралардың дәстүрлі форматтан біртіндеп интерактивті сипатқа ауысып келе жатқанының бір көрінісі.

«Ұлар» – Ұлытаудың табиғи және тарихи болмысының бейнесі

Ұлытау ауданындағы №123 сайлау учаскесінде сайлаушыларды «Ұлар» құсының бейнесіндегі аниматордың қарсы алуы да назар аударарлық жаңалық болды.



науи тәсілі ретінде бағалануы мүмкін. Бір жағынан – елдік идея, екінші жағынан – табиғатты қорғау құндылығы. Осы екі ұғымның бір бейнеде тоғысуы сайлау күнінің мазмұнына өңірлік сипат қосты.

Балаларға арналған көңілді орта

Сайлау учаскелеріндегі тағы бір ерекшелік – балалардың назардан тыс қалмауы. Клоун бейнесіндегі аниматорлар балалармен ойындар ұйымдастырып, олардың уақытын көңілді өткізуіне жағдай жасады. Ата-аналар өз азаматтық таңдауын жасап жатқанда, бүлдіршіндердің де жайлы ортада болуы сайлау күнін отбасылық форматқа жақындата түсті.

Мұның тәрбиелік мәні де бар. Бала бүгін ата-анасымен бірге сайлау учаскесіне келіп, қоғамдық өмірдің осындай маңызды сәтін көрсе, ертең азаматтық белсенділіктің мәнін түсінуге бір қадам жақындайды. Демек, сайлау мәдениеті де отбасындағы күнделікті тәрбие мен қоғамдық ортадан қалыптасады.

Таңдау – жауапкершілік

Сайлау аяқталған соң оның нәтижесі ғана емес, азаматтардың оған қатысу мәдениеті де маңызды болып қала береді. Себебі демократиялық қоғамның негізі – азаматтың өз пікірін білдіру мүмкіндігімен қатар, сол мүмкіндікті жауапкершілікпен пайдалануында. Ұлытау ауданындағы сайлау осы тұрғыдан алғанда азаматтардың белсенділігін, аға буынның батасын, отбасы құндылығын, ұлттық болмыс пен заманауи қоғамдық тәсілдердің өзара сабақтастығын көрсетті.

23 тамыздағы сайлау күні Ұлытаудағы тұрғындар үшін кезекті саяси науқан ғана емес, ел болашағына қатысты өз көзқарасын білдіретін, қоғаммен бірге жауапкершілік алатын

маңызды азаматтық күн болды. Ақ батамен басталып, халықтың таңдауымен жалғасқан бұл күн Ұлытаудың өзіндік болмысын – бірлік, сабақтастық, елдік сана және жаңашылдыққа ашықтықты бір арнада таныта алды.

8

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ



«Ұлытау аудандық
«Ұлытау» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактор
Альмира ОСПАН

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы,
Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau_kz40@mail.ru

Газетте жарияланған мақала
авторларының пікірі редакцияның
көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінің Мәжіліс баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды
есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №КЗ80VPY00045634 куәлігі берілген.

Хабарландыру мен құттықтаулардың
мазмұнына редакция жауап бермейді.
Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы: 1000 дана
Көлемі: 4 баспатабақ
Тапсырыс: 33